

«Қауіпсіз көлік» науқаны шеңберіндегі рейд

«Қауіпсіз көлік» науқаны шеңберінде Департаменттің қызметкерлері жергілікті полиция қызметінің қызметкерлерімен және облыстық «Алау ТВ» телеарнасының өкілдерімен бірлесе ағымдағы жылдың 31 қаңтарында профилактикалық рейд жүргізген болатын.



Осы рейдтің барысында Қостанай қаласы бойынша жолаушыларды автотасымалдауды жүргізетін бағдарлар қамтылды. Департамент қызметкерлері рейд жүргізу кезінде қалалық автобус бағдарларының жүргізушілеріне автобус салонында күдікті иіс туындағанда электр сымдарының жағдайына көңіл аударту, автобустарда бастапқы ерт сендіру құралдарының жарамды күйде бар болуы туралы ақпарат жеткізді. Тұтанған жағдайда басқа бағдардағы жүргізушілерге дыбыстық немесе жарық сигналдары арқылы белгі беру керектігі еске салынды.

Ал полиция қызметкерлері жүргізушілер мен көліктің техникалық құжаттарының, медициналық дәрі қобдишаларының, апаттық балғасының бар болуын тексерді.

Әрбір жүргізушіге ерт қауіпсіздігі қағидаларын қатаң сақтау қажеттілігі туралы түсіндіруі бар «Көліктегі қауіпсіздік» тақырыбында мемлекеттік және орыс тілдерінде жадынамалар үлестірілді.

Қостанай облысы ТЖД Халықты оқыту және ақпараттандыру тобы

Электрондық әділеттілік

Жоғарғы соттың, Бас прокуратураның, Қаржы министрлігінің, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және Ішкі министрлігінің бірлескен бұйрығына сәйкес 2017 жылдың 15 тамызында «Электрондық қылмыстық іс» пилоттық жобасы іске қосылды.

Жоба Елбасының елімізде цифрлық технологияларды дамыту туралы талабының аясында жүзеге асырылуда.

Басты мақсат – қылмыстық сот ісін жүргізуде цифрлық технологияларды енгізу, оның айқындығын арттыру, қылмыстық процестің мерзімін қысқарту, сондай-ақ қағаз жұмыстарын оңтайландыру.

Электрондық қылмыстық істерді қарау қазіргі кезде өте тиімді бағдарламалардың бірі болып табылады. Аталған жүйе негізінде сотқа дейінгі тергеу басталғаннан сотта шешім шығаруға дейін барлық құжаттар электронды түрде болады. Бұл ашықтық қағидасын жүзеге асырып отыр деуге болады.

Процеске қатысушы тұлғалар кез келген уақытта өздерінің істері қандай кезеңде екендігін онлайн режимінде көре алады. Жәбірленуші, айыпталушы, адвокат істің қалай тергеліп жатқанын кез келген уақытта онлайн режимінде көре алады. Басқа тұлғаларға кіруге тыйым салынады. Егер тараптар тергеушінің іс-әрекеттеріне шағымдана, онда прокурор іс-әрекеттерді онлайн режимінде тексере алады. Электронды түрде қарау іспен танысу бойынша тараптарға қолжетімді болады.

Аталған бағдарлама істерді қарау сапасын жақсартуға және тергеу уақытын қысқартуға, материалдарды бұрмалау тәуекелдерін барынша азайтуға, нақты уақыт режимінде материалдарға қол жетімділікті қамтамасыз етуге және қаржылық шығындарды азайтуға мүмкіндік туғызады.

Электрондық қылмыстық істерді қарау қылмыстық процеске адам құқықтарын қорғауды күшейту, тараптардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, соттық бақылауды кеңейту, қайталануды болдырмау және тергеу органдары, прокуратура мен сот арасында өкілеттіктерді нақты бөлу туралы мәселелерді шешуге бағытталған.

Электрондық әділеттілік - ашықтық пен қолжетімділіктің жаңа стандарты болып табылады.

А. СҰЛТАНОВА,
Қостанай облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

Қоғамдық кеңес төрағасымен кездесу

2018 жылдың 1 ақпанында Қазақстан Республикасы ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, ҚР ІІО қызметінің Қоғамдық кеңес төрағасы, қылмыстық-процессуалдық зерттеулер мен жемқорлыққа қарсы ҒЗИ және ҚазМЗУ ғылыми сараптама мен талдау институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор **Марат Чекишұлы Қоғамов Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына келді.**



есеп беруін қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырудың бір бағыты. Негізінен, қоғамдық кеңестің құрылуына Елбасы Н.Назарбаевтың 2015 жылы 2 қарашада қабылдаған «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы себеп болды. Мұның басты мақсаты – жергілікті атқарушы органдардың жұмысын жетілдіру әрі халық пен билік арасын жақындастыра түсу еді. Қоғамдық кеңес отырыстарында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларын, стратегиялық жоспардың және т.б. құжаттардың орындалуын талқылау көзделген.

Академия бастығы заң ғылымының кандидаты, профессор, полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызыловтың қатысуымен Академия акт залында маңызды кездесу өткізілді. Сондай-ақ аталмыш кездесуге Академияның профессорлық-оқытушылар құрамы мен курсанттардақатысты. Кездесу барысында қылмыстық-процестік заңнамасындағы өзгерістер, еліміздің ең өзекті мәселелерінің бірі нашақорлыққа қарсы күрес, материалдық қамсыздандыру және ІІМ жүйесіндегі бірқатар маңызы бар мәселелер мен кемшіліктер талқыланды.

Сондай-ақ бұл кездесуде Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» бағдарламасы аясында, нақтырақ айтсақ, 31-ші қадам Этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне шағымданған азаматтардың арызын қарау жөніндегі қоғамдық кеңес жүйесі қарастырылған болатын. Осыған орай профессор М. Қоғамов қоғамдық кеңестің әрбір қызметтік саладағы негізгі бағыттарына тоқталып өтті. Қоғамдық кеңес - бұл мемлекеттің халық алдында

құзетшілері біліктілікті арттыру курсына Академиямыздағы кіші және аға құрамды даярлауға арналған біліктілікті

қадірменді қонағымыз Академия басшылығымен бірге оқу орнымыздың аумағында орналасқан жатақханаларды, әкімшілік ғимараттарды, оқу корпустарын және мұражайды аралап, Академияның тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысты.

Мирлан Ахмедияұлы Академия қабырғасындағы шаруашылық бойынша шешімін таппаған күрделі мәселелерді Марат Чекишұлына көрсетіп, Үкімет



арттыру және қайта даярлау институтында оқытылуы жайлы енгізген ұсынысы. Себебі, бұл тұрғыдан алғанда, оқу орнымыз біліктілікті арттыру курсына арналған негізгі базамен қамтамасыз етілген деп айта аламыз.

Мысалы, спорттық кешен, атыс тири және т.б. Өз кезегінде ҚР ІІМ жанындағы Қоғамдық кеңес төрағасы М. Қоғамов бұл мақсатты ұсынысты қолдай отырып алдағы күндері министрлікте талқыланатынын атап өтті.

Офицерлермен курсанттар Қоғамдық кеңес төрағасына арналған тәжірибелік сұрақтарын қойды. Түптеп келгенде, жоғарыда аталып кеткен барлық мәселелердің кейбір тұстары қарастырылып, түйткіл жағдайлары талданып, ұсыныстар басшылыққа алынды десек болады.

Кездесу соңында

деңгейінде қаржылай көмек көрсетулеріне ұсыныс жасады. Өйткені қазіргі таңда аталған материалдық қаржыны қажет ететін жөндеу жұмыстарын бүгін шешпесе, болашақта бұл мемлекет және Академияға мол шығын әкелетінін құлағдар етті.

Барлық түйткілді мәселелерді жазу кітапшасына таңда алған Марат Чекишұлы алдағы ақпан айының соңына қарай өтетін Қоғамдық кеңесте талқылауға шығаратынын айтты.

Міне, осылайша Астана қаласынан арнайы келген Қоғамдық кеңестің төрағасы Академия қызметкерлерінің бүгінгі жасап жатқан еңбегіне зор баға беріп, алдағы еңбектеріне шығармашылық табыстар тіледі.

Академияның баспасөз қызметі

Ардагерлердің айтары көп...

Жақында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Академия ардагерлері мен 1-курс курсанттарының кездесуі өтті.

Қонақта болғандар - Академия ардагерлері зейнеткер, полиция полковнигі Комамбаев Абдрахман Сегізбайұлы және отставкадағы полиция подполковнигі Евдокименко Николай Григоревич.

«Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» - деген мақалды Академия басшылықтары алға тартқандай, қонаққа тәжірибесі мол, үлгі тұтар азаматтарды шақырып, курсанттарға өз өмірінен сыр шертіп, яғни бұл мамандықтың қыр-сырымен таныстыру мақсатында өткізілді. Курсанттармен ортақ тіл таба білген қонақтар, лезде қызықты сәттерімен бөлісті. Сұхбат ашық әрі еркін түрде жүргізілді. Бұл мамандықты курсанттардың дұрыс тандағандығын, полиция болудың қыр-сырын, тәртіпті де, білімді болудың қаншалықты маңызды екендігін жетік түсіндірді.

«- Полиция – бұл ең алдымен қоғамдық тәртіп сақшысы, Қазақстан Республикасына қызмет ететін ішкі істер



органына лайықты қызметші, үлгілі полиция болуды, парасаттылықты, білімділікті, тәрбиені, жанашырлықты, шыдамдылықты, адамгершілікті, адалдықты, жан-жақты біліктілікті талап ететін мамандық», - деп өз сөзін полиция полковнигі Абдрахман Сегізбайұлы бастады.

Бұл кісілер Академияға бүгін келіп отырған жоқ, осы уақытқа дейін академияда дәрістер беріп, сабақтар өткізген. Курсанттарға жеткен жетістігі жайлы, қылмыстық-атқару ісіне қатысты істері жайлы, қызықты да жауапкершілікті талап ететін жұмысынан үзінді оқиғаларымен бөлісті. Бұл кісінің әңгімелері курсанттарды қызықтырып, олардың мамандығына деген қызығушылығын, ізденісін, құштарлығын

одан әрі оятты десем азық етпейді.

«Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа» - демекші, курсанттардың көзқарасын жақсарту мақсатында академия басшылары курсанттарға үлгі болар азаматтармен ортасын толтырып, тәртіпті де, үлгілі полиция болуға баулуда.

Осындай кездесулердің куәсі болуға мүмкіндік жасаған Қазақстан Республикасы Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшыларына 1-курс курсанттарының атынан алғысымыз шексіз.

Г. МАКСЕТВА,
Академияның 1-ші курс курсанты

Қостанай мен Торғайдың Шәмшісі атанған

Қалибек Деріпсалдыұлының асқаралы 65 жасқа толу мерейтойынан бір үзік сыр

Қазақ халқының дәстүрлі әуені – рухани мұраның ең бай қазынасы. Ғасырлар бойғы сынақтан өтіп, халық дарындылығы мен даналығын көрсете білген, үшінші мыңжылдықта ол ерекше тарихи маңызға, көркемдік те, мәдени де бағалылыққа ие болды.

Қазақ даласы ғасырлар бойы шабытты поэзиямен, орынды шешендікпен, жігерлі күйлер және шын жүректен шыққан әндермен өмір сүрген. Әуенмен қазақтың бүкіл өмірі байланысты – ол тойларда, салт-дәстүрлер мен ырымда, күнделікті еңбекте және басқа жерлерде айтылады. Қазақ халқы таң қаларлық музыкалық дарындылығымен ерекшеленеді, әр отбасында дерлік жақсы ән айтатын немесе халық аспаптарында ойнайтын, ең болмағанда бір адам табылады.

Халық арасында «Алла әрбір қазақты жаратқанда жүрегіне әннің бір бөлігін сіңірген» - деген қанатты сөз бар. Осы бір өлмес сөзге қарап-ақ қазақтың жаратылысы ән мен күйден тұрады десек артық айтқандық болмас.

Қазақ халқында «Шәмші, Шәмшінің әні» десе, ішкен асын жерге қоймайтын жан жоқ. Адам жүрегі тебіrentетін сезімдердің қайсысы болмасын – асыл ана, ардақты әке, мөлдір сезім, шынайы махаббат – осының бәрі Шәмші әндерінің тақырыбы десек – артық айтқандық емес... Шәмші атамыз, бар қазақтың мақтанышы. Шәмші Шәуілдірдің – сазгері.

Ал менің әңгімемнің бас кейіпкері Қостанай мен Торғайдың Шәмшісі атанып жүрген, белгілі сазгер, Қазақстан Республикасы Композиторлар одағының мүшесі, жерлесіміз Қалибек Деріпсалдин ағамыздың шығармашылық өмірі туралы болмақ.

Жалпы Қалибек ағаны өз басым

Қостанай қаласына келгеннен бастап танымын. Етене жақсы араласпаса да той-домалақтарда, мәдени іс-шараларда көріп қалсам сәлемімді беріп, амандасып тұрамын.

Енді міне, бір мекемеде жұмыс істеген соң, жақсы араласып, жақынырақ танысып, кейде сырласып, әңгіме-дүкен құрып қалатын кездеріміз жиі-жиі болып тұрады. Белгілі сазгер, әнші ағамыз қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында көптен бері Тәрбие жұмысы бөлімінде мәдени ұйымдастырушы болып қызмет атқарады.

Қалибек Деріпсалдин - Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, Қостанай облысы Аманкелді ауданының Құрметті азаматы, әнші-сазгер.

Ағамыздың жетекшілігімен бүгінгі күні Академия қабырғасында 20 курсанттан құралған домбырашылар ансамблі, 200 курсанттан тұратын «Шырақбек ата» хоры жұмыс істейді. Қалибек ағамыздың ерен еңбегінің арқасында осы домбырашылар хоры республикалық, облыстық, қалалық жарыстарда бәйгелен бермей, қашанда жүлделі орындарға ие болып келеді. Бұл, әрине, маңдай тердің және Академия басшылығының тікелей қолдауының арқасында іске асып отырған еңбектің нәтижесі.

Қалибек ағамыз Қостанай Академиясының әнұранын жазды. Ол әнұран бүгінгі күні облысымызда өтетін ірі мәдени іс-шараларда орындалып жүр. Тағы бір мақтанышпен айтатын жайт, былтыр Ішкі істер министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Парасатты полиция» республикалық сайысында ағамыздың жазған әнінің арқасында академия қызметкерлері алғаш рет

жүлделі орынға ие болып қайтты. Мұның өзі ағамыздың Академияның дамуына қосқан зор үлесі.

Қалибек Деріпсалдыұлы биыл 65 жасқа толып отыр. Осы торқалы тойдың бастамасы ретінде жақында облыстық Л. Толстой атындағы әмбебап кітапханасының «өнер» бөлімінің ұйымдастыруымен шығармашылық кеші өтті.

Кешке келген қонақтар әнші-сазгерге иығына шапан жауып, астына ат мінгізіп, жүректерінен шыққан жылы тілектерін, үлкендер ақ батасын берді. Ал өзі қызмет ететін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ұжымы атынан Академия бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ербол Төлегенұлы Қаппасов құттықтау сөз сөйлеп, Академия бастығы, полиция генерал-майоры Мирлан Қызыловтың атынан алғыс хат табыстап, естелік сый-сияпат табыс етті.

Кеш өте жоғары деңгейде өтті. Бүгінгі күні ағамыздың 150-ден аса әні, 4-5 күйі өмірге келген екен. Қазіргі таңда 30-дан аса әні ел арасында үлкен танымалдылыққа ие, қазіргі жастардың тілімен айтқанда «хит» әндерге айналған. Оқырманымының есіне түсіре кетейін, Серікбай Оспанов ағамыздың сөзіне жазылған «Айлы түнде» әні барша қазақтың жүрегінен орын алды десем, артық айтқандық болмас. Осы әнді кездесу барысында үлкен-кішілі болып, бір дауыста сазгер ағамызға қосылып шырқадық.

Қостанай облысының зиялы қауымы бас қосқан кездесу сұхбат түрінде өрбіді. Сазгер ағамыз өзінің бір сұхбатында алғашқы білімге, оның ішінде өнерге баулыған, олардың ақ батасының арқасында елінің сүйікті ұлы болып қалыптасуына себепші болған, қазақтың біртуар сазгері Әсет Бейсеуов пен ақиық ақындары Мариям Хакімжанованы және Фафу Қайырбеков ата-әжелерімізді



сағынышпен еске алды. Ол кісілердің берген білімдері өмір бойы бойына сіңіп, бүгінгі жетістік деңгейіне жеткенін жасырмады.

Мен тек бұл кісінің ақжарқындығын, еңбекқорлығын, ел арасында соның ішінде жастардың арасында иық тіресіп, заманнан қалмай сазгер атанып жүргенін ерекше айтқым келеді. Қалибек лирика иесі, мұның лирик болатын себебі, үйдегі келініміз Айшаның қою шайының, еркелігінің, сабырлылық пен күтім бабының арқасы деп айтуға болады.

Жалпы Қадыр Мырзалиевтің сөзімен айтқанда ақын, сазгер, өнер иесі ол аэроплан секілді, өзінің аэродромына қонғанда ғана шабыттанып, өмірге осындай халықтың жүрегіне мәңгі ұмытылмас шығармалар әкеледі, - деді ұтымды өзіл-қалжыңмен өз құттықтауында Нағашыбай Мұқатов ағамыз.

Кешке келген шәкірттері әрі інілері қонақтарға арнап сазгердің көптеген әндерін нақышына келтіріп орындап, тыңдарманның құлақ құрышын қандырды.

Құттықтаушылардың бірі алдағы уақытта Қалибек Деріпсалдиннің атындағы республикалық әндер байқауын өткізуге ұсыныс жасады. Осы кезде микрофонды қолына алған Қалибек ағамыз елдің алдында жақын арада мұндай үлкен жобаның жүзеге асқалы жатқанынан сүйінші сұрады.

Бұл жобаны әнші-композитор Қалибек Деріпсалдиннің әндерін орындаушылардың республикалық

«Көктем-қыздары» ән байқауы атымен Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» және Қостанай қаласы әкімдігі жүзеге асырмақшы екен.

Міне, кішкене ғана шығармашылық кездесуде Қалибек ағамыздың сан қырлы өнері жайында сыр шертіліп, үлкен мәмілелі басқосу болды. Екі сағатқа созылған кеш, құтты бір жарты минутта өтіп кеткендей әсер қалдырды. Мына бір өлең шумағы осы өнер, дарын иесі Қалибек Деріпсалдыұлына арналғандай;

«Жақсылар жақсымын деп айталмайды,

Жамандар жақсымын деп айқалайды.

Жүрген соң бауырыңды күнде көріп

Таулардың биіктігі байқалмайды...»

дегендей, шынында да ағамызбен бірге жүріп, бірге қызмет еткен соң ба, ол кісінің осындай биік тау тұлға екенін көп байқай бермейді екенбіз. Сондықтан алтынның қолда барда қадірін бағалайық ағайын. Біз де барша ұжымның атынан сазгер ағамызды осынау торқалы тойымен шын жүректен құттықтап, отбасына амандық, шығармашылығына жемісті табыс тілейміз.

**Мейрам ОСПАНОВ,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев
атындағы академияның
баспасөз хатшысы**

**Суретті түсірген:
С. Камалов**

Комитет төрағасы Академияға іссапармен келді

2018 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің төрағасы әділет полковнигі Базылбеков Азамат Хазыровичпен кездесу болды.

Кездесуде Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов ҚР ІІМ ҚАЗ комитеті төрағасымен таныстырып, Академияға келген іссапар мақсатын түсіндіріп өтті.

Комитет төрағасының келу мақсаты Академия қабырғасында Пробация қызметі мамандарын оқыту орталығын ашу мәселесі болатын. Келелі кездесуге осы салаға қатысы бар академия мамандары біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының бастығы полиция полковнигі Гаида Жандарбекова және кафедра бастықтары қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты Қостанай академиясында қылмыстық -атқару жүйесіндегі пробация қызметкерлерін дайындау және олардың біліктілігін арттыру бойынша ЕуроОдақ Кеңесінің қаржылай



және материалдық көмегімен оқыту залдарының ашылуы. Осыған байланысты Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов құрылған жоспарлары мен оқыту залдарының үлгісімен таныстырды.

Жиында бірқатар шешімі табылмай жатқан өзекті мәселелер қозғалды. Соның бірі қаржыландыру мәселесі. Комитет төрағасы полиция полковнигі Азамат Базылбеков өз кезегінде Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті жағынан оқу залдарының құрылысына толығымен көмек көрсетілетіндігін

айтты. Сонымен қатар ЕуроОдақ Кеңесі 262 компьютер жиынтығын, проекторлар және жиһаздармен жабдықтандыратыны белгілі болды.

Қазақстан Республикасы ІІМ қылмыстық - атқару жүйесіндегі пробация жұмысы бойынша қызметкерлердің біліктіліктері қанағаттандырылмқ дәрежеде болмай тұрғандығы мәлім. Сондықтан да Қостанай академиясында пробация қызметкерлерін дайындау маңызды мәселе болып отыр. Оларды қазіргі заманғы технологияға сай оқыту жоспары толығымен ұйымдастырылған.

Осы жоспар жайлы біліктілікті арттыру

және қайта даярлау институтының бастығы полиция полковнигі Гаида Жандарбековаға сөз беріліп, пробация қызметкерлерін дайындау залының 3d форматтағы суретімен, оқыту жоспары және қашықтықта оқыту порталы туралы бірқатар мәселелерді түсіндіріп өтті.

Енді болашақта Қазақстан Республикасының барлық аумақтарындағы пробация қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда орындалуға тиіс жұмыстар көп. Бұдан бөлек Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық- атқару жүйесі комитетінің төрағасы полиция полковнигі Базылбеков Азамат Хазырович қылмыстық атқару жүйесі бойынша курсанттарды оқытуға байланысты өзінің бірнеше ұсыныстарын Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлымен Қызыловпен бөлісті. Орынды айтылған ұсыныстарды тыңдаған Академия бастығы алдағы уақытта талқылауға салынып, жүзеге асыруға күш салатынын жеткізді.

**Академияның баспасөз
қызметі**

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru